

«КЕЛІСЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің  
Вице-президент, профессор, доктор

Женгиз Томар

« 18 » 11 2020 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің президенті,  
профессор

В. Абдрасилов

« 19 » 11 2020 ж.



## САПА МЕНЕДЖМЕНТИНІҢ ЖҮЙЕСІ

### КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ КЕ-СМЖ-002-2020


### ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ЕРЕЖЕСІ

#### АЛҒЫ СӨЗ

- 1 Ғылымды коммерцияландыру департаментімен ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
- 2 Өзірлеген – Ғылымды коммерцияландыру департаментінің директоры Е.Керимбеков  
– Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінің басшысы А.Балтабаева
- 3 Келісілді – Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент Пусат Пилтен  
– Академиялық инновация және жоғары білімнен кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент Ш.Есимова  
– Ғылыми-зерттеу істер жөніндегі вице-президент К.Беркимбаев  
– Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығының басшысы Ж.Дарибаев  
– Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Ғ.Мұсаханов  
– Персоналды басқару және құжат айналымын қамтамасыз ету басқармасының басшысы Н.Абилдаев
- 4 ЕНГІЗІЛДІ – 2020
- 5 Тексеру мерзімі – 2022

Қызметтік қолданыс үшін басылым

Түркістан



Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		KE-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кеңес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 2 - беті

## МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы
2. Нормативтік сілтемелер
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар
4. Жалпы ережелер
5. Жауапкершілік және өкілеттілік
6. Диссертациялық кеңестің қызметін ұйымдастыру
7. Диссертациялық кеңестің функциялары
8. Диссертацияларды қабылдау және қарау ережелері
9. Диссертациялық кеңес жұмысының тәртібі
10. Дәрежелерді беру ережелері
11. Қорытынды ережелер
12. Ерекше талаптар
13. Өзгерістерді енгізу тәртібі
14. Келісу, сақтау және тарату
15. Қосымшалар (1, 2, 3, 4, 5, 6, 7)
16. Танысу парағы
17. Өзгерістерді тіркеу парағы

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кеңес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 3 - беті

## 1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Диссертациялық кеңес ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - Университет) докторлық диссертацияларды қарау және қорғау шараларын жүргізуге қойылатын жалпы талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл Ереже Диссертациялық кеңестің қызмет тәртібін анықтайтын негізгі құжат болып табылады.

1.3 КЕ-СМЖ-002-2020 Ережесі Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Бұл Ереже келесі нормативтік құжаттар негізінде жасалынған:

- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (04.07.2018ж берілген өзгерістер мен толықтырулар);

- Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы (18.02.2011ж. (10.04.2019 ж. өзгертулері мен толықтыруларымен);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018ж № 595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2011ж №126 «Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ережесі» (ҚР Білім және ғылым министрінің 28.09.2018ж № 512 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің 29.12.2018 №2058 бұйрығы;

- «Ғылыми дәрежелер беру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 128 бұйрығы (30.04.2020ж. берілген өзгерістер мен толықтырулар);

- ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР Білім және ғылым министрінің 2020.05.05 №182 бұйрығына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді);

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу» туралы 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 170 бұйрығы.

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы;

## 3. АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1. Кеңестің осы Ережесінде төмендегі қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Комитет - ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласына бақылау жасау жөніндегі комитет;

БжҒСБК - Білім және ғылым саласына бақылау жасау жөніндегі комитет;

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		KE-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кеңес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 4 - беті

ҰМҒТСО - Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы.

МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

ДФЗЖ - докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы;

ДЭЗЖ - докторанттың эксперименттік-зерттеу жұмысы.

3.2 Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

*Диссертациялық кеңес* - докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қорғауды жүргізетін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары жанындағы алқалы органдар;

*диссертация* - философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор даярлаудың білім беру бағдарламасы шеңберінде нақты мамандық бойынша біліктілік ғылыми жұмысы;

*философия докторы* (PhD) - ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантура бағдарламасын меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, ҚР «Білім туралы» Заңында белгіленген тәртіппен танылған дәреже;

*бейін бойынша доктор* - докторантураның бағдарламасын кәсіптік қызметтің тиісті саласы бойынша меңгерген және Қазақстан Республикасында немесе одан тысқары жерлерде диссертация қорғаған адамдарға берілетін, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - «Білім туралы» Заң) Заңында белгіленген тәртіппен танылған дәреже;

*диссертациялық кеңес комиссиясы* - диссертацияда докторанттың авторы мен дереккөзіне сілтеме жасалмаған материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін Диссертациялық кеңес мүшелерінен құралған орган;

*плагиат* - бөтен туындыны тұтастай немесе оныңбір бөлігін қасақана өз авторлығына иемдену, сондай-ақ құжат мәтініндегі материалды бұрын жарияланған құжаттардағы авторға және (немесе) дереккөзге сілтеме жасалған немесе сілтеме жасалмаған күнде өз материалы ретінде көрсету, шеттен алынған материалдардың көлемі мен сипаты орындалған жұмыстың дербестігіне күмән келтіретін мәтін;

*Хириш индексі* - жарияланымдар саны мен дәйексөздер санына негізделген ғалым, ғалымдар тобы, ғылыми ұйым немесе елдің жалпы өнімділігінің ғылыми өлшемдік көрсеткіші;

*ғылыми семинар* - негізделген қорытындыны қалыптастыру мақсатында (PhD) докторанттардың диссертациялық зерттеулерін ұжымдық талқылау формасы;

*апелляциялық комиссия* - диссертацияларды қорғау нәтижелері бойынша даулы мәселелерді шешу мақсатында құрылған орган.

#### 4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

5.1 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Диссертациялық кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасы заңнамасын және осы Ережені басшылыққа алады.

5.2 Университеттің Диссертациялық кеңесі (бұдан әрі –Диссертациялық кеңес) - докторанттардың диссертациялық жұмыстарын қарау және қорғау шараларын жүргізетін және оларға философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруге ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласына бақылау жасау жөніндегі комитетке (ары қарай - Комитет) өтініш білдіретін алқалы орган.

5.3 Диссертациялық кеңес диссертацияларды қорғау жөнінде қабылданатын шешімдердің сапасына, объективтілігіне және негізділігіне жауап береді.

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		KE-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кеңес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 5 - беті

## 5. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

5.1 Осы Ережені Университеттің президенті - Сенат төрағасы бекітеді.

5.2 Осы Ереже университет президенті бекіткен күннен бастап күшіне енеді.

5.3 Диссертациялық кеңестердің төрағалары осы Ереженің талаптарын орындауға, диссертациялық кеңестердің қызметі мен жұмысын ұйымдастыруға жауапты.

5.4 Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы осы Ереженің белгіленген мерзімдердің сақталуы туралы ережелерін орындауға жауапты.

5.5 Егер осы Ереженің талаптары орындалмаса, диссертациялық кеңестің төрағасы 10 күн ішінде Университет басшылығына түсініктеме береді.

5.6 Диссертациялық кеңестің мүшелері диссертациялық кеңестің отырыстарына қатысуға міндетті. Күнтізбелік жыл ішінде диссертациялық кеңестің үш отырысына дәлелді себептермен қатыспаған диссертациялық кеңестің мүшесі диссертациялық кеңес төрағасының ұсынысы бойынша тиісті диссертациялық кеңестің құрамынан шығарылады.

5.7 Диссертациялық кеңестің төрағасы диссертацияларды қорғау бойынша қабылданған шешімдердің сапасына, объективтілігіне және негізділігіне жауап береді.

5.8 Диссертациялық кеңестің төрағасы университеттің интернет-ресурсында кеңестің қызметі туралы ақпаратты уақытылы және сапалы орналастыруға жауапты.

5.9 Осы Ереженің талаптарының орындалуын бақылауды ғылыми-зерттеу істері жөніндегі вице-президент жүзеге асырады.

## 6. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

6.1 Университет жанындағы диссертациялық кеңестер 3 (үш) күнтізбелік жылға мемлекеттік білім беру тапсырысы берілген докторантура мамандықтары (дайындық бағыттары) бойынша құрылады.

6.2 Диссертациялық кеңестің құрамына кемінде 6 (алты) және 16 (он алтыдан) көп емес ғылыми дәрежесі бар адамдар кіреді. Диссертациялық кеңес мүшелерінің кем дегенде жартысы штаттық қызметкерлер, екінші жартысына басқа университеттердің, ғылыми және (немесе) басқа ұйымдардың өкілдері, соның ішінде әр бағыт бойынша шетелдік ғалымдардың кем дегенде бір мүшесі кіреді. Диссертациялық кеңес Диссертациялық кеңестің мүшелерінен төрағаны, орынбасарды, ғылыми хатшыны сайлайды. Төраға мен ғалым хатшы университеттің қызметкерлері болуы керек. Диссертациялық кеңестің құрамына ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар кемінде 6 (алты) адам кіреді олардың ішінен кемінде жартысы басқа жоғары білім беру ұйымының, ғылыми ұйымдардың және (немесе) шетелдік білім беру ұйымдарының болып табылады.

Диссертациялық кеңестердің мүшелерінің кемінде 2/3-інің Хирш индексі кемінде 3 (үш) немесе халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда соңғы 5 (бес) жыл ішінде төмендегідей жарияланым шығару қажет:

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		KE-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кенес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 6 - беті

Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Медицина және Қоғамдық денсаулық сақтау:

кадрларды даярлау бағыттары бойынша даярлау бағыттарына сәйкес келетін ең болмағанда бір ғылыми сала бойынша Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кемінде 3 (үш) жарияланым;

Басқа даярлау бағыттары бойынша;

Соңғы 5 (бес) жылда кадрларды даярлау бағыттарына сәйкес келетін ең болмағанда бір ғылыми сала бойынша Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс) компаниясының Journal Citation Reports (Жорнал Цитэйшэн Репортс) деректері бойынша бірінші үш квартильге кіретін немесе Scopus (Скопус) деректер базасында CiteScore (СайтСкор) бойынша процентиль көрсеткіші кемінде 35 (отыз бес) болатын басылымдарда кемінде 2 (екі) жарияланым;

6.3. Диссертация қорғауға қабылданған күннен бастап 7 жұмыс күні ішінде Университет президентінің бұйрығымен диссертациялық кеңестің құрамына сол зерттеу саласынан, тақырыбы сәйкес келетін 2 (екі) уақытша сыртқы мүше енгізілуі мүмкін, олардың докторантпен ортақ еңбектері, ұйымның өкілі болмауы керек.

6.4 Диссертациялық кеңестің құрамына мыналар кірмейді:

- 1) Университет президенті (бұдан әрі - Президент);
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қызметкерлері;
- 3) соңғы 5 (бес) жыл ішінде Комитеттің теріс шешімін алған Қазақстан Республикасында немесе шетелде қорғалған диссертациялар бойынша ғылыми кеңесшілер, ғылыми жетекшілер болған мамандар.

Құрамы, сонымен қатар Диссертациялық кеңестің құрамындағы өзгерістер университеттің Сенатының (Ғылыми кеңесінің) шешімі негізінде Президентпен бекітіледі.

Диссертациялық кеңестің қызметіне байланысты барлық шығындар, оның ішінде диссертациялық кеңес мүшелерінің іссапар шығыстары Университет есебінен өтеледі.

6.5 Университет профессор-оқытушылар құрамының жылдық оқу жүктемесінің көлеміне сәйкес Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және академиялық хатшысының жылдық оқу жүктемесі 12 (он екі) кредит, Диссертациялық кеңестің техникалық хатшысы 15 (он бес) кредит мөлшерінде белгіленеді.

6.6 Университет диссертациялық кеңестің жұмысы үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді: тиісті жиһазбен, ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен (Интернет, бейнекамера, Skype байланысы үшін веб-камера), кеңсе жабдықтарымен (ноутбук, проектор, микрофон, принтер) жабдықталған мамандандырылған бөлме, сертификаттық файлдарды сақтауға арналған сейфтер, , сонымен қатар кеңсе тауарлары және т.б.

## 7. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

7.1 Диссертациялық кеңестің функциялары:

- 1) диссертацияны қорғауға құжаттарды қабылдау;

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		KE-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кеңес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 7 - беті

2) диссертациялық жұмыс бойынша қорғау мерзімін және ресми рецензенттерді тағайындау;

3) Диссертациялық кеңестің құрамынан докторанттың автор мен дереккөздерге сілтеме жасалмаған бөтен материалды пайдаланғанын (плагиат) тексеру үшін комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрады;

4) докторлық диссертацияны ашық түрде қорғаудан өткізу

5) диссертациялық жұмысты қорғаудан алып тастау;

6) философия докторы (PhD), осы саланың докторы дәрежесін беру үшін дипломдар беру;

7) мерзімді есеп беру. Күнтізбелік жылдың соңында диссертациялық кеңес осы Қағиданың 3-қосымшасына сәйкес ҚР БҒМ БҒБСК-ға (бұдан әрі - Комитет) атқарылған жұмыс туралы статистикалық есеп, есеп беру жылының 30 желтоқсанына дейін Ғылым департаментіне ұсынады.

#### 7.2 Диссертациялық кеңес мүшелері:

1) объективті, толық және дәйекті мәліметтерді ұсынады;

2) диссертацияға қатысты деректерді жасыруға жол бермейді;

3) ғылыми этиканың бұзылу фактілеріне назар аударады;

4) шешім қабылдағанда қоғамдық пікірдің, бір тараптың немесе үшінші тұлғаның ықпалына тәуелді болмайды;

5) мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу бойынша шаралар қабылдайды;

6) қызмет бабында кеңестің басқа мүшелерінің, докторанттардың, ғылыми кеңесшілер мен ресми рецензенттердің ары мен абыройына нұқсан келтіретін дөрекі, қорлайтын сөздерді, айыптауларды пайдаланбайды.

Осы тармақта көрсетілген талаптарды сақтамау фактілері анықталған жағдайда Диссертациялық кеңестің мүшесі оның құрамынан шығарылады.

7.3 Осы Ережеде белгіленген талаптарды Диссертациялық кеңес 3 (үш) реттен көп бұзатын жағдайда Диссертациялық кеңестің төрағасы, төрағаның орынбасары және ғылыми хатшысы ауыстырылады.

## 8. ДИССЕРТАЦИЯЛАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

8.1 Докторлық диссертацияларды қорғауға қабылдау және қарау рәсімі келесідей жүзеге асырылады:

- докторант білім алған жоғары оқу орны докторанттың диссертациясын бейіні бойынша кафедраның кеңейтілген мәжілісінде талқылауды қамтамасыз етеді;

- диссертацияларды талқылауға және қорғауға «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Жалпы ережелер. Докторантура» сәйкес докторантураның білім беру бағдарламаларын меңгерген және Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 128 (30.04.2020ж. берілген өзгерістер мен толықтырулар) бұйрығымен бекітілген «Ғылыми дәрежелер беру ережесі» 5,6,7 және 8-тармақтарының талаптарына сәйкес орындалған диссертациялық жұмыстарды тіркеуге ұсынған, осы Ереженің 13-тармағы 4-тармақшасына сәйкес жарияланымдары, сондай-ақ екі ғылыми кеңесшінің пікірі бар докторанттар жіберіледі;

- кафедраның кеңейтілген отырысына кафедра мүшелерінің кем дегенде 2/3 (үштен екісі), ғылыми кеңесшілер, сонымен қатар ұқсас (жақын) кафедралардың, ғылыми және басқа да ұйымдардың өкілдері қатысады. Соңғы 5 (бес) жылда теріс шешім алған диссертациялар бойынша ғылыми кеңесшілер болып табылған мамандар кафедраның кеңейтілген отырысында төрағалық ете алмайды;

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кенес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 8 - беті

- кафедраның кеңейтілген отырысын өткізгенге дейін 1 (бір) ай бұрын диссертация докторанттың ғылыми зерттеу саласында ғылыми дәрежесі (ғылым кандидаты, ғылым докторы, философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі) немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор академиялық дәрежесі немесе философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі бар 2 (екі) маманға жіберіледі;

- отырысқа кеңесшілер қатыспаған жағдайда, олардың докторанттың диссертациясы бойынша пікірлерін кафедра меңгерушісі оқиды.

Диссертациялық кеңесті таңдау және диссертацияны қорғауға қабылдау туралы Университет президентінің атына өтініш кафедраның кеңейтілген отырысының оң қорытындысын алған жағдайда жүзеге асырылады.

Егер докторант басқа жоғары білім беру ұйымының Диссертациялық кеңесін таңдаған жағдайда, оның құжаттары 10 (он) жұмыс күні ішінде таңдалған Диссертациялық кеңеске жолданады.

*8.2 Диссертациялық кеңес жанындағы университеттің ғылыми семинарында (әрі қарай – ғылыми семинар) диссертацияны талқылау.*

Докторанттар, соның ішінде басқа жоғары білім беру ұйымында білім алған докторанттар қорғауға құжаттарды қабылдағанға дейін 1 (бір) ай бұрын Диссертациялық кеңес жанындағы ғылыми семинарда талқылаудан өтуі тиіс. Ғылыми семинардың құрамы университет Президентімен бекітіледі. Ғылыми семинардың құрамына сәйкес мамандық бойынша Диссертациялық кеңестің мүшелері (3 мүшеден кем емес) және университеттің жетекші ғалымдары - докторанттың ғылыми зерттеу саласындағы мамандар кіреді.

Ғылыми семинарға зерттеу бағыты бойынша жетекші ғалым басшылық жасайды. Диссертациялық кеңестің төрағасы ғылыми семинардың жетекшісі бола алмайды, бірақ құрамына кіре алады. Ғылыми семинар диссертациялардың Диссертациялық кеңеске келіп түсуіне қарай өткізіледі. Ғылыми семинардың шешімі хаттамадан көшірме түрінде рәсімделеді. Ғылыми семинар талқыланған диссертациялық жұмысты:

- қорғауға ұсынуға;
- немесе қайта өңдеуге жіберуге құқылы.

Докторант диссертацияны ғылыми семинардың қарауына үш рет беруге құқылы. Диссертациялық кеңес жұмысты ғылыми семинардың ұсынысымен ғана қорғауға қабылдайды.

*8.3 Диссертациялық кеңесте алдын ала қарау және одан әрі қорғау үшін қажетті құжаттарды жинау және рәсімдеу.*

Диссертациялық кеңесте алдын ала қарау және одан әрі қорғау үшін докторант білім алған жоғары оқу орнының бланкісіндегі ілеспе хат және келесі құжаттар негіз болып табылады:

- 1) Университет президентінің атына қорғауға қабылдау туралы өтініш (1- қосымша);
- 2) қатты мұқабада түптелген 3 (үш) дана және электронды тасымалдағыштағы (CD-дискіде) диссертация;
- 3) үш тілде (мемлекеттік, орыс, ағылшын) жалпы көлемі 1 (бір) баспа табақтан кем емес 2 (екі) дана диссертацияның түйіндемесі;
- 4) отандық және шетелдік ғылыми кеңесшілерінің пікірлері;
- 5) диссертация дайындалған кафедраның кеңейтілген мәжілісінің оң шешімі және қорғауға ұсынысы бар хаттамасы;
- 6) докторант білім алған жоғары білім беру ұйымының Ғалым хатшысымен бекітілген ғылыми еңбектер тізімі мен олардың көшірмесі (2- қосымша);
- 7) докторант білім алған жоғары білім беру ұйымының кадр бөлімі қызметімен қуаландырылған жеке іс парағы;



Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кенес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 9 - беті

8) докторант білім алған жоғары білім беру ұйымының диссертация тақырыбы мен ғылыми кеңесшілерін бекіту, қорғауға жіберу туралы бұйрықтарының көшірмелері;

9) докторантураның кәсіптік оқу бағдарламаларын меңгергені туралы транскриптің көшірмесі;

10) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом мен қосымшаларының нотариалды куәландырылған көшірмелері.

11) докторант оқыған жоғары білім беру ұйымының жанындағы Этикалық комиссияның зерттеу объектілерінің (жанды табиғат пен тіршілік ортасының объектілері) құқықтарын, қауіпсіздігі мен саулығын қорғауды қоса алғанда, ғылыми-зерттеу нәтижелерін жоспарлау, бағалау, іріктеу, жүргізу және тарату процесіндегі бұзушылықтардың болмауы туралы қорытындысы.

Диссертация мемлекеттік, немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Осы бөлімде көрсетілген құжаттарды Диссертациялық кеңестің Ғалым хатшысы тіркейді және 2 (екі) жұмыс күнінен кем емес мерзімде Диссертациялық кеңеске ұсынады.

*8.4 Диссертацияның қорғалу күнін және екі ресми рецензентті тағайындау.*

Құжаттар қабылданғаннан бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Диссертациялық кеңес диссертацияны қорғау күнін белгілейді және ғылыми дәрежесі бар және докторанттың зерттеу саласында 5 (бес) ғылыми мақаладан кем емес еңбегі бар екі ресми рецензентті тағайындайды. Ресми рецензенттің біреуі докторант білім алған жоғары білім беру ұйымының қызметкері бола алмайды.

Қорғау мерзімі қорғау уақыты белгіленген күннен бастап 3 (үш) ай уақыттан аспауы тиіс. Қорғау күнін белгілеу кезінде докторанттар құжаттарының түсу кезегі сақталады.

Диссертациялық кеңес ресми рецензенттерді тағайындау барысында, ресми рецензенттердің, ғылыми кеңесшілерінің бір-біріне тәуелсіз ұстанымдарын басшылыққа алады.

Ресми рецензенттер болып тағайындалмайды:

- 1) Комитет қызметкерлері;
- 2) докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланған жұмыстарының қосалқы авторлары;
- 3) диссертация орындалған құрылымдық бөлім және (немесе) ғылыми ұйым жетекшілері мен қызметкерлері, докторант тапсырыс беруші немесе орындаушы (қосалқы орындаушы) болып табылатын ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілген ұйым қызметкерлері;

Рецензенттердің бірі Диссертациялық кеңес құрамынан тағайындалуына рұқсат етіледі.

*8.5 Университеттің интернет-ресурсында докторанттың қорғауы бойынша материалдарды орналастыру.*

Диссертациялық кеңестің Ғалым хатшысы Университеттің интернет-ресурсында докторанттардың қорғауы және кеңестің қызметі туралы келесі материалдарды орналастырады:

- 1) мекен-жайы, күні мен уақыты көрсетілген алдағы қорғау туралы хабарлама (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
- 2) диссертация (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын орналастырады және қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді болады;
- 3) көлемі кемінде 1 (бір) баспа табақ болатын мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі түйіндеме (белгіленген қорғау күнінен 1 (бір) ай бұрын);
- 4) докторант жарияланымдарының тізімі (белгіленген қорғау күнінен 1(бір) ай бұрын);
- 5) ғылыми кеңесшілердің пікірлері (белгіленген қорғау күнінен 1(бір) ай бұрын), қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді болады;

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		KE-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кеңес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 10 - беті

6) ресми рецензенттердің пікірлері (бекітілген қорғау мерзімінен 15 жұмыс күні бұрын);

7) қорғаудың бейнежазбасы толық көлемде, монтаж жасауға тыйым салынады (қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді);

8) философия докторы, бейіні бойынша доктор дәрежесін беру немесе бас тарту туралы Диссертациялық кеңестің қорытындысы (ақпарат қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және қорғаудан кейін кемінде 5 (бес) ай бойы қолжетімді).

9) апелляциялық комиссияның шешімі (болған жағдайда, шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады және шешім қабылданғаннан кейін 5 (бес) ай бойы қолжетімді).

10) осы Ереженің 3-Қосымшасына сәйкес Диссертациялық кеңес жұмысы туралы есеп (күнтізбелік жыл аяқталған соң 15 (он бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады).

11) қорғауды өткізудің күні, уақыты және орнының өзгеруі және ресми рецензенттердің ауысуы туралы хабарландыру (болған жағдайда);

12) Диссертациялық кеңес құрамы туралы ақпарат және Диссертациялық кеңес қызметінің тәртібі;

13) қолдану мерзімдерін көрсете отырып мәтінді пайдалануды анықтаудың лицензиялық жүйелері, оның ішінде халықаралық деректер базалары бойынша, бар болуы туралы ақпарат.

14) При представлении диссертации на повторную защиту диссертационный совет назначает 3-х (трех) членов диссертационного совета, которые составляют заключение об устранении в диссертации нарушений, установленных ранее. Заключение размещается на интернет-ресурсе Университета Ахмеда Ясауи не менее, чем за 10 (десять) рабочих дней до защиты и зачитывается на защите диссертации.

Диссертацияны Университеттің интернет-ресурсында орналастырылған жағдайда, авторлық құқықты қорғау қамтамасыз етіледі, диссертация материалдарын заңсыз көшіруден және одан әрі пайдаланудан қорғау технологиялары қолданылады. Диссертация Университеттің интернет-ресурсында орналастырылғаннан кейін диссертация мәтініне өзгерістер енгізуге тыйым салынады.

Университеттің интернет-ресурсында диссертация мазмұны бойынша бейресми пікірлерді орналастыру мүмкіндігі қамтамасыз етіледі, кейін олар қорғауға ұсынылады. Авторлықты белгілеу мүмкін емес және автордың электронды поштасы көрсетілмеген бейресми пікірлер қорғауда ұсынылмайды.

Диссертациялық кеңес Комитетке қорғау туралы хабарламаны қорғауға қабылдау күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жолдайды, сонымен қатар Университеттің интернет-ресурсында келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде орналастырылады.

*8.6 Диссертацияны докторанттың көшірме материалды (плагиат) пайдалану бойынша тексеріске жіберу.*

Қорғауға қабылданғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде диссертациялық кеңес докторанттың отандық және халықаралық деректер базалары бойынша плагиатты пайдалануын тексеру үшін диссертацияны "Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы" АҚ-ға (бұдан әрі - ҰМҒТСО) жібереді. Тақырып беті және қолданылған әдебиеттер тізімі плагиатқа тексерілмейді. Аталған анықтаманы алуға байланысты шығыстарды төлеу докторантқа жүктеледі.

ҰМҒТСО анықтамасында, ресми рецензенттер және Университеттің интернет-ресурсында бейресми пікірлерінде плагиат фактілері көрсетілген жағдайда диссертацияны

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		KE-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кеңес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 11 - беті

плагиатқа тексеретін Диссертациялық кеңес Комиссиясы диссертацияны плагиатқа тексереді (ары қарай - Комиссия). Комиссия құрамы 3 адамнан тұрады:

- 1) Диссертациялық кеңес төрағасы,
- 2) Диссертациялық кеңес мүшесі – университет өкілі;
- 3) Диссертациялық кеңес мүшесі - басқа жоғары білім беру ұйымының және өзге ұйымдар өкілі.

Тексеру туралы қорытынды Диссертациялық кеңеске қорғауға дейін 8 (сегіз) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады.

Авторға және дереккөздерге сілтеме жасамай материал пайдалану анықталған жағдайда, диссертациялық жұмыс қорғауға жіберілмейді.

*8.7 Университет кітапханасына диссертацияның 1 данасын қағаз және электронды тасымалдағышта ұсыну.*

Қорғаудан соң 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Диссертациялық кеңестің Ғалым хатшысы электронды тасымалдағыштағы диссертация даналарын Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасы және Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасына жібереді.

*8.8 Ресми рецензенттердің жазба пікірлерін Диссертациялық кеңеске ұсыну.*

Ресми рецензенттер диссертацияны қарастыру және жарияланған жұмыстар негізінде Диссертациялық кеңеске жазбаша пікірлерді ұсынады. Аталған пікірлерде бағаланады:

- таңдалған тақырыптың өзектілігі;
- диссертацияда тұжырымдалған ғылыми ережелер, қорытынды, ұсыныстардың негізделу дәрежесі мен практикалық маңыздылығы;
- ғылыми жаңашылдығы;
- тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды беріледі.

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа қорғауға дейін кемінде 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Пікір осы тармақтың талаптарына сәйкес болмаған жағдайда Диссертациялық кеңес қорғауға дейін 10 (он) жұмыс күннен кешіктірмей пікірді ресми рецензентке қосымша қарау үшін қайтарады немесе ресми рецензентті ауыстырады.

Ресми рецензенттерді ауыстыру сондай-ақ жазбаша түрде бас тартқан немесе рецензиялауға мүмкіндік болмаған жағдайда ауыстырылады. Егер ресми рецензентті ауыстыру туралы шешім 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктіріп қабылданса, қорғау күні ауыстырылады.

*8.9 Диссертациялық кеңестің қорғауға жіберу туралы шешімді қабылдауы.*

Диссертациялық кеңес Диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысына сүйене отырып (қорғауға дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей) докторантты қорғауға жіберу туралы шешім шығарады немесе диссертацияны қорғаудан шығарады. Диссертациялық кеңес 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылданған шешім туралы докторантты хабардар етеді және тиісті ақпарат Университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

Докторант диссертациялық жұмысын бекітілген қорғау күніне дейін 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей қорғаудан алып тастауға мүмкіндігі бар.

## 9. ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС ЖҰМЫСЫНЫҢ ТӘРТІБІ

*9.1 Диссертациялық кеңес мәжілісі Диссертациялық кеңес төрағасының жетекшілігімен өткізіледі.*

Диссертациялық кеңестің төрағасы, төраға орынбасары және Ғалым хатшысы өздері ғылыми кеңесшілер болып табылған жағдайда олар диссертацияны қарастыру кезінде Диссертациялық кеңестің отырысында өз міндеттерін орындай алмайды.

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		KE-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кеңес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 12 - беті

Диссертациялық кеңес төрағасының міндеттерін орындау Диссертациялық кеңес шешімімен төраға орынбасарына, төраға орынбасары және Ғалым хатшының міндеттерін орындау кеңес мүшелеріне жүктеледі.

Диссертациялық кеңес төрағасы, төраға орынбасары және Ғалым хатшысы бір мезгілде болмаған жағдайда кеңестің отырысы өткізілмейді.

Диссертациялық кеңес диссертация қорғалуының бейнежазбаға түсірілуін толық көлемде қамтамасыз етеді, монтаж жасауға тыйым салынады.

Диссертациялық кеңестің отырысы егер оның жұмысына мүшелерінің кемінде 2/3 (үштен екісі) Диссертациялық кеңестің мүшелерінен отырысқа әр мамандық (кадрларды даярлау бағыты) бойынша кемінде 3 (үш) маман міндетті түрде қатысқан жағдайда заңды болып саналады (қатысу парағы – 4 -Қосымша).

Диссертациялық кеңес мүшелеріне (1/3-інен аспайтын) диссертацияны қорғауды өткізу отырысына on-line режимінде бейне-конференция нысанында қатысқаны да саналады.

Ресми рецензенттердің біреуі (дәлелді себептермен) қатыспаған жағдайда, оның пікірін Ғалым хатшы оқиды. Ресми рецензенттерге диссертацияны қорғау отырысында on-line режимінде бейне-конференция түрінде сөз сөйлеуге рұқсат беріледі.

#### *9.2 Диссертацияны қорғау бойынша Диссертациялық кеңес мәжілісінің тәртібі.*

Диссертацияны қорғау ғылыми пікір-талас сипатында өтуі тиіс. Диссертациялық кеңес отырысы Диссертациялық кеңес төрағасының жетекшілігімен өтеді.

Диссертациялық кеңес отырысында 1 (бір) диссертацияны қорғау жүргізіледі, 1 (бір) күн ішінде 2 (екі) мәжілістен артық өткізуге болмайды.

#### *9.3 Диссертацияны қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңес отырысының тәртібі:*

1) кворум туралы (келу парағы негізінде), отырысты өткізу құқығы туралы, докторанты таныстыру, мамандығы мен диссертация тақырыбын таныстыру туралы төрағаның кіріспе сөзі;

2) докторанттың ғылыми жарияланымдарының түгелдігі, құжаттарының нормативтік талаптарға сәйкестігі туралы Ғалым хатшының сөзі;

3) докторанттың қорғауы (баяндама 20 минутқа дейін);

4) докторанттың кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауаптары;

5) ғылыми кеңесшілердің сөзі (әрқайсысы 7 минуттан көп емес)

6) рецензенттердің сөзі;

7) рецензенттердің ескертулеріне докторанттың жауаптары және олардың ұсыныстары бойынша қорытындылары;

8) Диссертациялық кеңес мүшелерінің талқылауы;

9) докторанттың соңғы сөзі;

10) төрағаны қоспағанда, Диссертациялық кеңес құрамынан 3 адамнан тұратын есептеу комиссиясын сайлау;

11) ғылыми дәреже беру туралы жасырын дауыс беру;

12) жасырын дауыс беру қорытындылары бойынша есептеу комиссиясы төрағасының сөзі, есептеу комиссиясының хаттамасын бекіту;

13) көпшілік алдында қорғау нәтижелерін жария ету;

14) диссертацияны қорғау нәтижесі бойынша Диссертациялық кеңестің шешімін қабылдау.

*9.4 Диссертациялық кеңес келесі шешімдердің біреуін қабылдау үшін жасырын дауыс беруді жүргізеді:*

1. бейіні бойынша философия докторы (PhD) немесе докторы дәрежесін беру;

2. бейіні бойынша философия докторы (PhD) немесе докторы дәрежесін беруді қолдамау.

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кенес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 13 - беті

Диссертациялық кеңес мүшелерінің біреуі қашықтықтан on-line режимінде қатысқан жағдайда, электрондық құпия дауыс беру жүзеге асырылады.

9.5 Докторанттың ғылыми кеңесшілері, тікелей басшысы немесе жақын туыстары болып есептелінетін Диссертациялық кеңес мүшелері дауыс беруге қатыспайды.

Егер мәжіліске қатысқан Диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3 (үштен екісі) және одан да көп бөлігі оң дауыс берсе Диссертациялық кеңестің оң шешімі қабылданады. Егер оң шешім үшін мәжіліске қатысқан Диссертациялық кеңес мүшелерінің 2/3 (үштен екісінен) кем дауыс берсе, теріс шешім қабылданады.

Теріс шешім қабылданған жағдайда Диссертациялық кеңес қорытынды жасайды, онда диссертация Үлгі ереженің, Дәрежелерді беру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) қандай талаптарына сәйкес келмейтіндігі жазылады. Диссертациялық кеңестің философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту туралы қорытындысы университеттің интернет-ресурсында орналастырылады.

9.6 Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляция.

Диссертациялық кеңестің теріс шешіміне апелляцияны докторант шешім қабылданған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде диссертация қорғалған жоғары білім беру ұйымының ерікті нысанда беруіне болады. Аталған мерзім өткен соң апелляция қабылданбайды.

Апелляция беру күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Университет Президенті бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады (ары карай - комиссия). Комиссия құрамына тиісті мамандыққа сәйкес ғылыми дәрежесі бар 3 маман кіреді. Ғылыми кеңесшілер, рецензенттер, Диссертациялық кеңес мүшелері комиссия мүшелері құрамына кіре алмайды.

Комиссия өз қызметінде Диссертациялық кеңес туралы Ережені және Дәреже беру Ережелерін негізге алады. Комиссия апелляциялық өтініш, диссертация, диссертация қорғау бойынша Диссертациялық кеңес материалдарын қарастырып, апелляция қорытындысы бойынша шешімді комиссия құрылуынан бастап 30 (күн) күнтізбелік күнде дайындайды.

Апелляциялық комиссия қорытындысы ашық дауыс беру негізінде көпшілік дауыспен қабылданып, комиссияның барлық мүшелерінің қолы қойылады. Комиссия оң шешім қабылдаған жағдайда комиссия хаттамаларының көшірмелері, қорытынды және диссертация 5 (бес) жұмыс күні ішінде Диссертациялық кеңеске, 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Комитетке қорытынды шешім қабылдау үшін жіберіледі.

Апелляциялық комиссияның шешімі оның қабылдануынан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде докторантқа хабарланып, Университеттің интернет-ресурсында жарияланады.

Апелляциялық комиссиямен жұмысы қабылданбаған докторант бір жылдан кейін қайта қорғауға құқылы.

9.7 Осы Ережеде реттелмеген даулар, сонымен қатар философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беруден бас тарту мәселелері сот тәртібімен, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

## 10. ДӘРЕЖЕЛЕРДІ БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

10.1 Диссертациялық кеңестің шешімі негізінде Университет президенті (ректор) шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде философия докторы (PhD) дәрежесіндегі докторантты немесе осы саладағы докторды марапаттау (тағайындаудан бас тарту) туралы тиісті бұйрық шығарады.

10.2 Университет Президентінің бұйрығы шыққан күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде философия докторы (PhD), осы саланың докторы дәрежесіне ие болған адамдарға Университеттің президентінің бұйрығы шыққан күннен бастап, Диссертациялық кеңестің

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кенес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 14 - беті

төрағасы және ғылыми хатшы қол қойған Университеттің ғылыми кеңесі (сенаты) бекіткен үлгідегі дипломдар беріледі.

Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру туралы диплом қатаң есеп беру құжаты болып табылады және оның нысаны университет президентінің (ректорының) бұйрығымен бекітіледі.

Философия докторы (PhD), докторы бейіні бойынша ғылыми дәреже беру туралы ақпарат университеттің интернет-ресурсында диссертациялық кеңес шешім қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде орналастырылады.

## 11. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

11.1 Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы докторанттың аттестаттау құжатын белгіленген құжаттар тізіміне сәйкес қалыптастырады (6-қосымша) және осы норманың орындалуына жауап береді.

Аттестаттау құжаты академиялық хатшыда бір жыл сақталады, содан кейін қабылдау-тапсыру актісімен университет мұрағатына өткізіледі.

10.2 Барлық құжаттар қазақ немесе орыс тілдерінде болуы тиіс.

10.3 Қорғаудан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттар ҰМҒТСО-на мемлекеттік тіркеуге жолданады:

1. бір дана қағаз және электронды тасымалдағышта түптелмеген түрдегі диссертация;
2. ілеспе хаты;
3. қағаз және электронды тасымалдағышта бір дана үш тілдегі түйіндеме;
4. қағаз және электронды тасымалдағышта бір дана ғылыми жарияланымдар тізімі;
5. қағаз және электронды тасымалдағышта үш дана диссертацияның мемлекеттік және орыс тілдеріндегі тіркеу-есептік карточкасы (7-Қосымша).

## 12. ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР

12.1 Докторантураның білім беру бағдарламасының теориялық курсына толық меңгерген, бірақ докторлық диссертациясын белгіленген мерзімде қорғай алмаған докторантқа, сонымен қатар Диссертациялық кеңестері жоқ басқа жоғары білім беру ұйымының түлектеріне Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 31-қазанындағы №604 бұйрығымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» «Докторантура» бөлімінің 114-тармағына сәйкес ақылы негізде (4 академиялық кредит көлемінде) докторлық диссертацияны рәсімдеу және қорғау мерзімі ұзартылады.

## 13. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

13.1. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеттің осы Ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-7.5.3-2020 сәйкес жүзеге асады.

13.2 СМЖ құжатымен танысу «танысу парағына» (Қосымша 1) және енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу парағына» (Қосымша 2) тіркелуі тиіс.

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кенес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 15 - беті

#### 14. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

14.1 Бұл Ереже Университет Сенатының 2020 жылғы 18 қарашадағы (№4 хаттама) мәжілісінің шешімімен бекітілді.

14.2 Осы Ереженің бақылау данасы Стратегиялық жоспарлау, рейтинг және сапа орталығында, жұмыс данасы Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөлімінде сақталады.

14.3 Тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру бөліміне жүктеледі. Осы университет Ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

#### КЕЛІСІЛДІ

Даму және қаржыландыру жөніндегі вице-президент

Пусат Пилтен

Академиялық инновация және жоғары білімнен  
Кейінгі білім беру ісі жөніндегі вице-президент

Ш.Есимова

Ғылыми-зерттеу істері жөніндегі  
вице-президент

К.М. Беркімбаев

Стратегиялық жоспарлау рейтинг және  
сапа орталығының басшысы

Ж.Дарибаев

Құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің  
басшысы

Ғ.Мусаханов

Персоналды басқару және құжат айналымын  
қамтамасыз ету басқармасының басшысы

Н.Абилдаев

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		KE-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кеңес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 16 - беті

Ф-ҒБ-008/01

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті жанындағы  
Диссертациялық кеңес Ережесіне 1-қосымша

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университетінің президенті

\_\_\_\_\_  
(аты-жөні)

Өтініш

Сізден \_\_\_\_\_ мамандығы (білім беру бағыты, т.б.) бойынша  
(мамандық атауы, шифры)

\_\_\_\_\_  
доктор (ғылым саласы) дәрежесін алу үшін жазылған

\_\_\_\_\_  
(диссертация тақырыбы) тақырыбындағы

диссертациялық жұмысымды қарауға және қорғауға қабылдауыңызды сұраймын.

Жұмыс қорғауға алғашқы рет (қайта) ұсынылып отыр.

Менің жеке деректерімді аттестациялауға қосу және одан әрі өндеуге келісемін.  
Арнайы көрсетілмеген жағдайлардан басқа қорғауға ұсынылған барлық деректер мен  
нәтижелер шынайы және түпнұсқа екендігін және жеке өзімнің алғандығымды растаймын.

Күні, қолы.

**Докторанттың өтініші қолмен жазылады.**



Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		KE-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кеңес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 17 - беті

Ф-ҒБ-008/02

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті жанындағы  
Диссертациялық кеңес Ережесіне 2-қосымша

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті  
докторанты

ғылыми еңбектерінің  
ТІЗІМІ

р/с №	Еңбектердің атауы	Баспа немесе қолжаз- ба күқында	Басылым: журнал (аталуы, №, жылы)	Баспа табақ- тар	Қосалқы авторлар- дың аты- жөні
№	1	2	3	4	5
<b>Докторлық диссертация қорғағанға дейін басылған ғылыми еңбектер</b>					
<b>Scopus / Web of Science базаларында тіркелген мақалалар</b>					
1	1				
2	2				
<b>БҒСБК тізіміне енгізілген журналдардағы мақалалар</b>					
3	1				
4	2				
<b>Халықаралық конференцияларындағы баяндамалар</b>					
5	1				
6	2				
<b>Оқу және оқу-әдістемелік құралдар</b>					
7	1				
8	2				

Ізденуші

(қолы)

(аты-жөні)

Тізім дұрыс:

(қолы)

(аты-жөні)

Кафедра меңгерушісі:

(қолы)

(аты-жөні)

Ғалым хатшы:

(қолы)

(аты-жөні)

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		KE-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кеңес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 18 - беті

Ф-ҒБ-008/03

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті жанындағы  
Диссертациялық кеңес Ережесіне 3-қосымша

### Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

\_\_\_\_\_ жанындағы  
(университеттің атауы) \_\_\_\_\_ мамандығы (кадрлар даярлаудың бағыттары)  
бойынша \_\_\_\_\_ Диссертациялық кеңесі.

#### Есеп келесі мәліметтерді қамтиды:

1. Өткізілетін саны туралы мәліметтер.
2. Диссертациялық кеңес отырыстарының жартысынан кем қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөні (болған жағдайда).
3. Оқу орны көрсетілген докторанттардың тізімі.
4. Есеп беру жылы бойына Диссертациялық кеңестің келесі бөлімдер бойынша диссертациялардың қысқаша талдауы:
  - 1) қаралған жұмыстардың тақырыптарын талдау;
  - 2) «Ғылым туралы» Заңның 18-бабының 3-тармағына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның бақылауымен қалыптасқан ғылымның даму бағыттары мен диссертация тақырыбының өзара байланысы;
  - 3) диссертациялардың нәтижесін іс-тәжірибеде қолдануды ендіру деңгейін талдау.
5. Ресми рецензенттер жұмысын талдау (ең сапасыз пікір мысалдарымен).
6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша ұсыныстар.
7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежелерін алу үшін әзірленген диссертациялардың саны:
  - 1) қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары білім беру ұйымдарының докторанттарынан);
  - 2) караудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары білім беру ұйымдарының докторанттарынан);
  - 3) рецензенттің теріс пікірлері алынған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары оқу орындарының докторанттарынан);
  - 4) қорғау нәтижесі бойынша теріс шешімге ие болған диссертациялар (оның ішінде басқа жоғары білім беру ұйымдарының докторанттарынан).

Диссертациялық кеңестің төрағасы \_\_\_\_\_  
(колы, аты-жөні)

Диссертациялық кеңестің Ғалым хатшысы \_\_\_\_\_  
(колы, аты-жөні)

Мөр орны, күні « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жыл

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кенес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 19 - беті

Ф-ҒБ-008/04

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті жанындағы  
Диссертациялық кеңес Ережесіне 4-қосымша

\_\_\_\_\_ диссертациялық кеңесі мүшелерінің  
\_\_\_\_\_ мамандығы/білім беру бағыты бойынша  
докторант \_\_\_\_\_ диссертациясын қорғау  
(тегі, аты, әкесінің аты)  
жөніндегі \_\_\_\_\_ кеңес отырысына  
(хаттаманың күні және нөмірі)

#### КЕЛУ ПАРАҒЫ

Тегі, аты, әкесінің аты	Ғылыми дәрежесі	Отырысқа қатысуы (қолы)
1	2	3

Диссертациялық кеңестің Ғалым хатшысы \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

*Ескерту:* 1. «Тегі, аты, әкесінің аты» бағанында Диссертациялық кеңестің барлық мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты жазылады.

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кенес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 20 - беті

Ф-ҒБ-008/05

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті жанындағы  
Диссертациялық кеңес Ережесіне 5-қосымша

Фото 3x4	Докторант туралы мәлімет  _____ (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))
-------------	--

1	Туған күні және жері, азаматтығы, ұлты		
2	Докторантурада оқығаны туралы ақпарат (жоғары білім беру ұйымы және оқу мерзімі)		
3	Докторантура мамандығы		
4	Диссертацияның қорғалған орны және күні		
5	Диссертацияның тақырыбы және жазылған тілі		
6	Ғылыми консультанттар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
7	Ресми рецензенттер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, азаматтығы)		
8	Жарияланымдар саны, барлығы, оның ішінде:		
	Комитет ұсынатын басылымдарда		
	Web of science (Вэб оф Сайнс) және Scopus (Скопус) базасындағы шетел басылымда		
	халықаралық конференция материалында, оның ішінде:		
	шетелдік конференция материалында		
9	Еңбек жолы		
	Қабылдау мерзімі	Босату мерзімі	Жұмыс орны, лауазымы
			Мекеменің мекен-жайы
10	Мекен-жайы, байланыс деректері		

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы \_\_\_\_\_  
(қолы, аты-жөні және тегі)

Мөр орны Мерзімі 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кенес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 21 - беті

*Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті жанындағы  
Диссертациялық кеңес Ережесіне 6-қосымша*

#### **Аттестаттау файлындағы құжаттар тізімі:**

- 1) докторанттың аттестаттау ісіндегі құжаттар тізімдемесі;
- 2) диссертация қатты мұқабада және электронды тасымалдағышта (CD-ROM-да);
- 3) докторант оқыған факультеттің немесе университеттің академиялық хатшысы бекіткен ғылыми жұмыстардың тізімі және диссертация тақырыбы бойынша ғылыми жарияланымдардың көшірмелері;
- 4) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 5) осы Ереженің 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі диссертацияны тіркеу картасы;
- 6) Ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығының (ҰҒТО) дипломдық жұмысты плагиатқа тексеру туралы куәлігі;
- 7) ғылыми кеңесшілердің жұмыс орнынан куәландырылған пікірлері;
- 8) жұмыс орнынан куәландырылған 2 рецензенттің сын-пікірлері;
- 9) осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша диссертациялық кеңес мүшелерінің келу тізімі;
- 10) төраға мен академиялық хатшы қол қойған диссертацияны қорғауға арналған диссертациялық кеңес отырысының толық бейнежазбасы және хаттамасы;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың көшірмелері, оларға қосымшалар (транскрипт көшірмелері); (докторант фамилиясын өзгерткен жағдайда, тегі өзгергенін растайтын құжат ұсынылады);
- 12) докторантураның кәсіби бағдарламасын әзірлеу туралы транскрипт көшірмесі;
- 13) диссертациялық кеңеске өтініш бергенге дейін нотариалды куәландырылған және жұмыс күнінің көшірмесі;
- 14) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша докторант туралы мәліметтер;
- 15) университеттің кадр қызметі оқу орнында куәландырылған жеке іс-парағы;
- 16) докторанттың университет президентінің шешімімен қорғауға жіберу туралы өтініші;
- 17) оң қорытындымен және қорғауға ұсыныспен диссертация орындалған кафедраның кеңейтілген отырысының хаттамасы;
- 18) диссертациялық кеңес комиссиясының қорытындысы;
- 19) диссертацияның көшірмелері кітапхана қорына тапсырылғандығы туралы кітапханалардың анықтамалары;
- 20) диссертациялық кеңеске ілеспе хат-жолдама (басқа жоғары оқу орындарының докторанттары үшін);
- 21) диссертация тақырыбын бекіту және ғылыми кеңесшілер, қорғауға жіберу туралы бұйрықтардан көшірмелер;
- 22) есеп комиссиясы отырысының хаттамасы және бюллетень;
- 23) философия докторы (PhD) дипломының көшірмесі;
- 24) диссертациялық кеңестегі ғылыми семинардың хаттамасынан үзінді;
- 25) Университеттің диссертацияны плагиатқа тексеру туралы куәлігі.

Қожа Ахмед Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		КЕ-СМЖ-002-2020
Сапа менеджментінің жүйесі	Кенес ережесі	
Диссертациялық кеңес ережесі		24 беттің 22 - беті

Ф-ҒБ-008/07

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық  
қазақ-түрік университеті жанындағы  
Диссертациялық кеңес Ережесіне 7-қосымша

### ТІРКЕУ-ЕСЕПТІК КАРТОЧКАСЫ

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (толық)			
Туылған жылы	Азаматтығы	Ұлты	Аттестаттау ісінің №
Диссертациялық кеңес		Шешім қабылданған күні, айы, жылы	Шешімнің №
Диссертация корғалған жоғары білім беру ұйымының атауы			
Ғылыми дәреже ізденуші		Мамандық/білім беру бағытының атауы	
Ғылыми дәреже берілді			Дипломның №
Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор			

#### Ескерту:

1. Мәтін 148x105мм форматтағы тығыз ақшыл қағаздан жасалған карточкада басылады.
2. «Аттестациялық істің №» және «Дәреже берілді» деген бағандар Комитетте толтырылады.
3. Карточканың артқы жағында ізденушінің тегі аты, әкесінің аты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде көрсетіледі және оның қолымен расталады.



